

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-17



«БЕКІТЕМІН»

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы қабылдау
комиссиясының төрағасының у.м.а.

Ш.Ергөбек

(2026 жылғы «30» сәуір

№10 ғылыми кеңес хаттамасы)

**8D02109– «ТЕАТР РЕЖИССУРАСЫ»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2-17

1. ӘЗІРЛЕНДІ

Кульсеитова М.А. – PhD, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының аға оқытушысы.

Шанкибаева А.Б. – өнертану ғылымдарының кандидаты, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Сахналық пластика және дене тәрбиесі» кафедрасының профессоры.

2. ТАЛҚЫЛАНДЫ

Актер шеберлігі және режиссура кафедрасының отырысында.

Хаттама № 9 «03» 04 2026 ж.

«Актер шеберлігі және режиссура»
кафедрасы меңгерушісінің м.а.



Қажнабиева Б.А.

3. КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор



Халықов К.З.

«06» 04 2026 г.

Ғылыми кадрлар даярлау
бөлімінің басшысы



Кульшанова А.А.

«06» 04 2026 г.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
		Бет 3-17

Докторантура бойынша қабылдау емтиханының бағдарламасы жоғары оқу орнынан кейінгі алдыңғы білім беру деңгейінің (магистратураның) бағдарламасы көлемінде әзірленген.

8D02109 – «Театр режиссурасы» білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға мынадай бағыттар бойынша білім алған тұлғалар қабылданады:

7M02106 – «Театр режиссурасы»;

7M02192 – «Актерлік өнер».

8D02109 – «ТЕАТР РЕЖИССУРАСЫ» ДОКТОРАНТУРАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША МАМАНДАРДЫҢ ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

I. Докторантураға түсушінің:

Түсінігі болу керек:

- режиссерлік қызметтің мәні, әлеуметтік және мәдени миссиясы, оның қазіргі театрлық үдерістің дамуындағы ролі туралы, сондай-ақ театр өнері саласын қалыптастыратын ғылыми және кәсіби пәндердің жүйелік өзара байланыстары туралы;
- әлемдік және ұлттық көркем мәдениеттің даму заңдылықтары мен үрдістері туралы, оған театр, бейнелеу өнері, музыка, кино тарихы мен теориясы, сондай-ақ дәстүрлі және заманауи көркемдік практикалар жатады;
- көркем әдебиеттің (драматургия, проза, поэзия) режиссерлік талдауы, интерпретациясы және сахналық жүзеге асырылуы теориясы мен практикасы бойынша терең білімдермен; инсценировка әдіснамасы және авторлық театрлық оқылым ерекшеліктері туралы;
- театр өнерінде қолданылатын режиссураның заманауи және инновациялық әдістері, құралдары мен технологиялары туралы, сондай-ақ жаһандану мен цифрландыру жағдайында театр мен мәдени индустрияларды дамытудың стратегиялық перспективалары туралы;
- театр өнері саласындағы ғылыми-зерттеу қызметінің негіздері мен әдіснамасы туралы, соның ішінде дербес ғылыми жобаларды әзірлеу, негіздеу және жүзеге асыру дағдылары туралы.

Білу керек:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
		Бет 4-17

- өнер мен көркем шығармашылықтың ғылыми, философиялық, мәдениеттанулық және дүниетанымдық негіздерін, эстетикалық парадигмалардың әртүрлі тарихи дәуірлердегі өзгеру заңдылықтарын түсіне отырып, олардың тарихи динамикасын;
- театрды көркемдік-өндірістік және әлеуметтік-мәдени институт ретінде жүйелі құрылымын, оның бөлімшелерінің функцияларын, театрлық үдерісті басқарудың заманауи үлгілерін, сондай-ақ қойылымдық және репетициялық қызметті ұйымдастыру қағидаттарын;
- режиссерлік талдаудың терең теориялық және әдістемелік негіздерін, соның ішінде драматургиялық мәтін мен сахналық әрекетті интерпретациялаудың қазіргі әдістерін;
- спектакльді шығаруды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелерін, оған продюсерлік, технологиялық және басқарушылық қырлар кіреді;
- театр өнері тарихы мен теориясы саласындағы қазіргі ғылыми зерттеулердің өзекті нәтижелері мен бағыттарын, оларды өзінің ғылыми жұмысында сыни тұрғыда талдап, қолдана білумен қоса;
- қазіргі театр мектептері мен зерттеу амалдары контекстінде актерлік шеберлік технологиясының теориялық және тәжірибелік-негізді тұғырларын.

Түсіну керек:

- түрлі өнер түрлері мен жанрларында дәстүрлі және инновациялық техника, материалдар мен технологияларды пайдалана отырып, көркем бейнелер жасаудың жалпы заңдылықтарын, теориялық-әдістемелік тәсілдерін және қазіргі ғылыми тұжырымдамаларын;
- театр өнерінің бейнелі тілінің (образдық тілінің) тарихи даму және заманауи сахналық практикалар контекстіндегі ерекшелігін;
- сахналық бейне қалыптастырудағы пластикалық тілдің ролін және функцияларын, заманауи режиссерлік және актерлік технологияларды ескере отырып;
- әдеби шығарманың көркемдік, философиялық-эстетикалық және адамгершілік маңызын, оның интерпретациялық әлеуетін және қазіргі мәдени контексте өзектілігін;
- кәсіби шығармашылық ұжым жағдайында көркемдік ойды жүзеге асыру тетіктерін, соның ішінде көркемдік жетекшілік, пәнаралық өзара әрекет және ұжымдық шығармашылықтың этикалық қағидаттарын.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 5-17

Менгеру керек:

- театр өнері саласындағы ғылыми-зерттеу және кәсіби-шығармашылық қызметтің заманауи әдіснамасын, сондай-ақ зерттеушілік және көркемдік құзыреттерін дербес дамыту дағдыларын;
- заманауи сахналық, мультимедиялық және цифрлық техникамен, сондай-ақ ғылыми және шығармашылық-кәсіби қызметтегі ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын;
- ғылыми зерттеулер жүргізу және одан әрі кәсіби дамуды қамтамасыз ету үшін қажет жаңа білімдерді дербес игеру, сыни талдау және жүйелеу әдістерін;
- отандық және әлемдік театрдың көрнекті шеберлерінің шығармашылық мұрасын қазіргі ғылыми тәсілдер тұрғысынан терең білу және аналитикалық тұрғыдан пайымдау;
- спектакльдің әдеби және музыкалық негізімен кешенді жұмыс істеу, сондай-ақ қойылымның режиссерлік ойы мен оның ғылыми негіздемесін қалыптастыру дағдыларын;
- театр өнері саласындағы шығармашылық және эксперименттік-зерттеушілік қызметтің заманауи технологияларын;
- ғылыми зерттеулерді құрылымдау, әзірлеу және жазу әдістемесін және практикасын.

Құзыретті болу керек:

- театр өнерінің теориясы мен тарихы, сондай-ақ кино, бейнелеу және музыка өнерінің теориясы мен тарихы, қазіргі көркемдік және мәдени үрдістер, стильдік бағыттар мен эстетикалық парадигмалар саласында, оларды тарихи даму және трансформация контексінде түсіне отырып;
- режиссура, драматургия, монтаж және актерлік өнердің теориялық-әдіснамалық негіздері саласында, заманауи ғылыми тәсілдер мен пәнаралық зерттеулерді ескере отырып;
- кәсіби қызмет саласында театр өнерінің дамуының заманауи бағыттары мен стратегиялық тенденцияларын ұлттық және әлемдік деңгейде еркін бағдарлай білуде;
- ғылыми-зерттеу және шығармашылық-қойылымдық қызметте заманауи ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану саласында.

1. Қабылдау емтиханы «Магистратура мен PhD докторантураға қабылдау туралы ережеге» сәйкес қабылдау емтиханы мынадай бөлімдерден тұрады:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 6-17

- Жазбаша эссе;
- Коллоквиум (ауызша, билет бойынша). Емтихан сұрақтары білім беру бағдарламасына сәйкес өткізіледі және «Дайындық жүргізу әдістемесі», «Драматургиядағы қалыптасу жүйесі», «ЖОО-да режиссураны оқыту әдістемесі» сияқты арнайы пәндерді меңгеру барысында оқылған тақырыптарға негізделеді;
- Болжанатын ғылыми-зерттеу жұмысының негіздемесін (реферат) қорғау. Негіздеме режиссураның базалық пәндері кешені бойынша пәнаралық негізде ұсынылған тақырыптардың бірі бойынша алдын ала әзірленеді.

1. ЭССЕ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Режиссер – сахналық мәтіннің авторы ретінде: ХХІ ғасырдың постдрамалық театрындағы авторлық ұғымының трансформациясы.
2. Сахналық кеңістік – семиотикалық жүйе ретінде: классикалық драматургияны деконструкциялаудағы режиссерлік стратегиялар.
3. Қазіргі қазақстандық театрдағы ұлттық бірегейлік: дәстүрлі эпосты қайта жандандырудың режиссерлік практикалары.
4. Актер денесі режиссураның эпистемологиялық медиумы ретінде: К.С.Станиславский психотехникасынан Е.Гротовскийдің перформативтік тәжірибелеріне дейін *embodied cognition* (денелік таным) оптикасында.
5. Режиссура философиялық пайымның формасы ретінде: сахналық әрекеттің онтологиялық және экзистенциялық негіздері.
6. Театрдағы интермедиялдылық: режиссерлік практикада цифрлық технологиялар мен «тірі» сахналық қатысудың синтезі.
7. Классиканы режиссерлік интерпретациялау герменевтикалық және постколониялық практика ретінде: У.Шекспир мен М. Әуезов мысалдары (кейстері).
8. Саяси театр және режиссерлік жауапкершілік: әлеуметтік-мәдени трансформация жағдайындағы сахналық шешімінің эстетикасы мен этикасы.
9. Спектакль хронотопы – бейсызық (нелинейной) уақыт моделінің көрінісі ретінде: Михаил Бахтин тұжырымдамасынан *contemporary performance* (заманауи перформанс) тәжірибесіне дейін.
10. Лабораториялық театр зерттеу әдісі ретінде: жаңа сахналық суреткерлікті іздеудегі режиссерлік практикалар.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
		Бет 7-17

2. Пән атаулары және олардың негізгі бөлімдері

1. «Репетиция жүргізу әдістемесі».
2. «Драматургиядағы қақтығыстар жүйесі».
3. «ЖОО-да режиссураны оқыту әдістемесі».

«Дайындық жүргізу әдістемесі» пәнінің мазмұны

1. Дайындық әдістемесінің негіздері: мақсаттары мен міндеттері.
2. Режиссерлік ойдың мәні. Идеяларды туындату тәсілдері және оларды ғылыми негіздеу.
3. Режиссер – зерттеуші ретінде: дайындық эксперименттік әдістері.
4. Режиссердің актерлік құраммен жұмысындағы психологиялық қырлар: мәселелер мен оларды шешу жолдары.
5. Түрлі жанрдағы драматургиямен жұмыс істеудегі репетиция әдістемесі.
6. Репетиция барысында актерлік ойынның физиологиялық қырларын зерттеу.
7. Репетициялық үдерістегі импровизация теориясы мен практикасы.
8. Репетициялық үдерісте кері байланыс пен сынның ролі.
9. Репетициялық үдерісті зерттеудегі этикалық қағидаттар.
10. Инклюзивті театр ұжымдарындағы репетицияларды зерттеу әдістемелері.
11. Инклюзивті репетицияларды зерттеуде әдіснамалық тәсілдер айырмашылығының нәтижеге ықпалы.
12. Инклюзивті театр дайындықтары зерттеулерінің валидтілігі мен сенімділігін арттырудың әдістері мен тәсілдері.
13. Дайындық барысында актерлердің эмоционалдық жадыны қолдануын және оны іске қосу тәсілдерін зерттеу.
14. Дайындық үдерісте актерлік орындауды бағалау және түзету мәселелері.
15. Ұжымдағы қақтығыстарды басқару және салауатты шығармашылық атмосфераны сақтау әдістері.

«Дайындық жүргізу әдістемесі» пәні бойынша сұрақтар

1. «Дайындық жүргізу әдістемесі» пәнінің теориялық тұжырымдамасы: қазіргі театрлық педагогика және Қазақстандағы режиссерлік білім беру контексінде қарастыру.
2. Дайындық үдеріс көпдеңгейлі көркемдік-коммуникативтік жүйе ретінде: құрылымы, функциялары, кезеңдері және дамуының логикасы.
3. Дайындық практикалардың типологиясы және оларды қойылымның эстетикалық және жанрлық стратегияларына қарай жіктеу.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
		Бет 8-17

4. Режиссер – көркемдік үдерісті басқару субъектісі ретінде: көшбасшылық, үйлестіру және креативті модерация стратегиялары.
5. Классикалық режиссерлік жүйелерге (К. С. Станиславский, Вс. Э. Мейерхольд және т.б.) қазіргі театр практикалары тұрғысынан салыстырмалы талдау.
6. Дайындық үдерістегі теориялық және практикалық білім диалектикасы – көркемдік таным формасы ретінде.
7. Режиссерлік мақсат – көркемдік ойлаудың категориясы ретінде: оны тұжырымдау, жіктеу (декомпозиция) және сахнада жүзеге асыру тәсілдері.
8. Орындаушылық өнердің психофизикалық және когнитивтік үлгілері контекстінде актермен жұмыс істеудің әдіснамалық тәсілдері.
9. Сахна тілін қалыптастырудың заманауи практикалары: дәстүрлі мектептер мен жаңа вокалдық-сөйлеу технологияларын ықпалдастыру.
10. Дайындық үдерісті жобалауда актердің психофизиологиялық және нейрокогнитивтік ерекшеліктерін ескеру.
11. Мизансцена – спектакльдің кеңістіктік-уақыттық құрылымы ретінде: оны құрастыру әдістемесі және мағыналық (семантикалық) талдауы.
12. Дайындықтың аналитикалық кезеңін сахналық жүзеге асыру сатысына көшіру: өтудің және интеграцияның әдістері.
13. Ансамбльдік өнер – ұжымдық көркемдік әрекеттің қағидаты ретінде: сахналық бірлікті қалыптастыру тетіктері.
14. Режиссердің көркемдік-қойылымдық топпен (сценография, музыка, хореография) пәнаралық өзара әрекеті спектакль тұтастығының факторы ретінде.
15. Театрдың көркемдік бейнелеу құралдарын кеңейтудің репетициялық үдеріске мультимедиялық және цифрлық технологияларды енгізу.
16. Постдрамалық театр – қазіргі сахналық мәдениеттің парадигмасы ретінде: репетиция әдістемелерінің трансформациясы.
17. Ұлттық контекстегі дәстүрлі қазақ театр мұрасы мен инновациялық режиссерлік стратегиялардың синергиясы.
18. Импровизация және перформативтік әрекет – қазіргі театрда сахналық әрекет генерациясының негізгі тетіктері ретінде.
19. Жаһадану және театр өнерінің мәдени гибридтенуі жағдайындағы актерлік мектеп эволюциясы.
20. Пәнаралық көзқарас – әдістемелік принцип ретінде: репетициялық практикада театр, хореография, визуалдық және медиаөнер синтезі.
21. Пластикалық театр – денелік ойлауды бейнелеу формасы ретінде: оны репетициялық үдеріске енгізу әдістемесі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
		Бет 9-17

- 22.Импровизация техникасы және оның актердің өрнектілік аппаратының қалыптасуындағы ролі.
- 23.Актердің физикалық дайындығы – сахналық өрнектілік пен спектакльдің режиссерлік шешімін қалыптастыру факторы ретінде.
- 24.Спектакль мен дайындық үдерісті белгілер мен мағыналар жүйесі ретінде талдаудағы семиотикалық тәсіл.
- 25.Дайындық үдерісінің және көркем нәтижесінің тиімділігін бағалауда сапалық және мөлшерлік ғылыми-зерттеу әдістері.

«Драматургиядағы қақтығыстар жүйесі» пәнінің мазмұны

1. Соңғы жүз жылдағы драматургиядағы қақтығыс құрылымдарының эволюциясын талдау және олардың қазіргі пьесалардағы көрінісі.
2. Драматургиядағы қақтығыстар жүйелерін зерттеудің әдіснамалық мәселелері.
3. Драматургиялық шығармаларды кино мен телеэкранға бейімдеу барысында қақтығыстар жүйелеріндегі өзгерістерді зерттеу.
4. Әртүрлі психологиялық қақтығыс түрлерін және олардың кейіпкерлер дамуы мен сюжеттік желілерге ықпалын зерттеу.
5. Кейіпкерлердің ішкі қақтығысын зерттеудің әдістемелік тәсілдерін талдау және олардың шектеулері мен қиындықтарын қарастыру.
6. Ерекше, стандартты емес сюжеттік желілері бар пьесалардағы қақтығыстарды талдау: зерттеудің әдіснамалық тәсілдері.
7. Драматургиядағы мәдениетаралық қақтығыстарды зерттеу әдістемелері: аударудан интерпретацияға дейін.
8. Қазіргі және классикалық драматургиядағы тұлғааралық қақтығыстарды зерттеудің ерекшеліктері.
9. Театр және кино шығармаларында әртүрлі қақтығыс жүйелерінің актерлік жұмысқа әсерін талдау.
- 10.Қақтығыстарды зерттеудегі педагогикалық және психологиялық әдістер: тәсілдер мен жаңашылдықтар.
- 11.Кейіпкерлер жүйесінің психологиялық қырларын зерттеу және олардың актерді даярлау мен роль орындауға әсері.
- 12.Болашақ актер шеберлігі педагогтерінде драматургиядағы қақтығыстарды сыни талдау дағдыларын дамыту әдістері.
- 13.Мәдени және әлеуметтік қақтығыстарды зерттеу үшін драматургияны қолданудың педагогикалық қырлары.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 10-17

- 14.Драматургиядағы баяндау жүйелерінің ерекшеліктерін және оларды зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін талдау.
- 15.Драматургиядағы өзара әрекет пен қақтығыстар жүйелерін зерттеу, атап айтқанда «сөз әрекетіне» басымдық бере отырып, оны сахналық жүзеге асырудағы қолдану.

«Драматургиядағы қақтығыстар жүйесі» пәні бойынша сұрақтар

1. Драматургияның базалық категориясы ретінде қақтығыстың теориялық тұжырымдамасы: антикалық модельмен (Аристотель) және ұлттық дәстүрмен (М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек» пьесасы) салыстыру.
2. Қақтығыс – Софоклдың «Эдип патша» трагедиясы негізінде драмалық шығарма құрылымының қалыптастырушы қағидаты ретінде.
3. Қақтығыстың антикалық дәуірден қазіргі драмаға дейінгі тарихи эволюциясы.
4. Қақтығыс туралы классикалық теориялар (Аристотель, Гегель) және олардың Уильям Шекспир пьесаларында жүзеге асуы.
5. Сыртқы және ішкі қақтығыстың диалектикасы.
6. Қақтығыс – Н. Гоголь пьесаларындағы әлеуметтік қайшылықтарды білдіру формасы ретінде.
7. «Апалы-сіңілі үшеу» А. Чехов және «Абай» М. Әуезов пьесаларындағы қақтығыстар жүйесі – мағыналар иерархиясы ретінде.
8. Қақтығыстың фабула мен сюжетті қалыптастырудағы ролі: Уильям Шекспирдің «Отелло» трагедиясы және Ілияс Есенберлин шығармалары бойынша қазақстандық тарихи инсценировкалар негізінде.
9. Қақтығыс пен композиция М. Әуезовтің «Қобыланды батыр» драмасында.
10. Кейіпкер – қақтығыстың тасымалдаушысы (қақтығыстың иесі) ретінде.
11. Кейіпкерлер арасындағы қақтығыс (махаббат пен ру-тайпалық тыйымдар) У. Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» трагедиясы мен Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасында.
12. «Қылмыс пен жаза» бойынша жасалған инсценировкалардағы ішкі қақтығыс (Ф.М. Достоевский бойынша).
13. Ш. Құсайынов пьесаларындағы қақтығыс және диалог – драмалық әрекеттің құралы ретінде.
14. Құжаттық және вербатим-театрдағы қақтығыс: Батыс тәжірибелері және қазақстандық режиссерлер (соның ішінде Б.Атабаев) жобалары.
15. Постдрамалық театрдағы қақтығыстың трансформациясы (Ханс-Тис Леман теориясы және Қазақстан практикалары).

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 11-17

16. Қазіргі режиссурадағы қақтығысты деконструкциялау: еуропалық театрдан тәуелсіз қазақстандық лабораторияларға дейін.
17. Қақтығыстағы дәстүр мен жаңашылдық синергиясы: заманауи қойылымдардағы антикалық мифтер мен қазақ эпосы.
18. Қақтығыс – мәдени кодтарды бейнелеу құралы ретінде: Софоклдағы антикалық тағдыр және М. Әуезов шығармаларындағы қазақ рулық этикасы.
19. Модерн дәуірі мен посткеңестік Қазақстан драматургиясындағы әлеуметтік қақтығыс А. Чехов және Р. Мұқанова.
20. Жаһандану жағдайындағы әлемдік және қазақстандық драматургиядағы тұлғалық (идентиттік) қақтығыс.
21. Батыс драмасындағы және М. Әуезов пьесаларындағы қақтығыстың гендерлік қырлары.
22. Еуропалық және қазақстандық театрда қақтығысты талдаудың пәнаралық тәсілдері.
23. Қақтығысты семиотикалық тұрғыдан талдау: әлемдік классика мен қазақстандық спектакльдер материалында.
24. Қақтығыс – режиссерлік интерпретацияның құралы ретінде.
25. Драматургиядағы қақтығыстар жүйесін ғылыми зерттеу әдістемесі: әлемдік және қазақстандық сахна материалдары негізіндегі салыстырмалы (компаративтік) талдау.

«ЖОО-да режиссураны оқыту әдістемесі» пәнінің мазмұны

1. Режиссураның пайда болуы мен эволюциясы: бастау кезеңдерінен қазіргі уақытқа дейін. Негізгі режиссерлік мектептер мен бағыттар.
2. Драмалық мәтінді талдау. Пьесаны талдау әдістері мен тәсілдері. Сценарий құрылымы және оны интерпретациялау. Қойылым концепциясын әзірлеу.
3. Актермен жұмыстағы когнитивтік-психологиялық көзқарас. Дайындық үдерісінің әдістері мен тәсілдері.
4. Театр режиссурасын оқытудағы практиканың ролі. Оқу үдерісіндегі практикалық жаттығулар мен этюдтердің маңызы.
5. Магистранттардың әртүрлі мәдени және әлеуметтік тәжірибелерін ескере отырып, режиссураны оқытудағы инклюзивті практикалар.
6. Театр режиссурасындағы қазіргі үрдістер мен инновациялар. Жаңа бағыттарды талдау және олардың оқу қойылымдарында жүзеге асырылуы. Білім беру үдерісіне иммерсивті театр сияқты өзекті ағымдарды енгізу.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
		Қабылдау емтиханының бағдарламасы нормативтік құжат түрі

7. Режиссураны оқыту үдерісіне кураторлық пен тәлімгерліктің әсері: қазіргі театрлық білім беру парадигмаларын ескере отырып, академиялық және кәсіби карьерадағы табысты тәсілдер мен нәтижелер мысалдары.
8. Театр режиссурасын оқытудағы сыни ойлау жүйесі: болашақ режиссерлерде талдау және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту жолдары.
9. Актерлермен өзара әрекеттегі ашықтық (транспаренттілік): режиссураны оқытуда тиімді коммуникация және ұжымды басқару стратегиялары мен тәсілдері.
10. Перформативті режиссураны оқытудағы шетелдік және отандық тәсілдерді салыстырмалы талдау: оңтайлы практикаларды айқындау және оларды қазақстандық контекстке бейімдеу.
11. Театр режиссурасын оқытуда заманауи технологияларды қолдану. Ноосфера контексінде цифрлық технологиялар мен мультимедиялық ресурстарды білім беру үдерісіне интеграциялау.
12. Дайындық үдерісін психология және басқару: қақтығыстар мен күйзелістермен күрес әдістері, соның ішінде сублимация тәсілдері.
13. Режиссерлердің визуалдық ойлауын және сценографиялық дағдыларын дамыту. Сахналық шешімдерді визуализациялау әдістері: эскиздер, макеттер және заманауи технологиялар.
14. Режиссураны оқытудағы этикалық қырлар. Этикалық нормаларды үйретудің маңызы және оларды нақты жағдаяттарда қолдану.
15. Театр ұжымын ұйымдастыру және басқару: режиссердің басқарушылық құзыреттері. Болашақ кәсіби қызметке қажетті менеджмент және ұйымдастыру дағдыларын оқыту.

«ЖОО-да режиссураны оқыту әдістемесі» пәні бойынша сұрақтар

1. Жоғары көркем білім беру жүйесінде режиссураны оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері: жаһандық және ұлттық білім беру парадигмалары контексінде.
2. Режиссерлік білім берудің тарихи эволюциясы: Константин Станиславский мен Вс.Э.Мейерхольд студиялық жүйелерінен қазіргі университеттік модельдер мен практикаға дейін.
3. Режиссураны оқытудағы құзыреттілікке негізделген тәсіл: кәсіби, зерттеушілік және креативті дағдыларды қалыптастыру.
4. Режиссура – оқыту пәні ретінде: көркемдік ойлауды және режиссерлік дүниетанымды жеткізу ерекшелігі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
		Бет 13-17

5. Педагог – шығармашылық үдерістің медиаторы ретінде: тәлімгерлік, фасилитация және режиссер-студентке жетекшілік ету стратегиялары.
6. Режиссерлік білім беруде теориялық дайындық пен тәжірибеге бағытталған оқытудың арақатынасы.
7. Драматургиялық материалды режиссерлік талдау әдістемесі (У.Шекспирдің «Гамлет» және М.Әуезовтің «Қарагөз» пьесалары негізінде).
8. Актермен жұмыс істеуді оқыту: К.С.Станиславский, М. Чехов жүйелерін және қазіргі қазақстандық педагогикалық практикаларды кіріктіру.
9. Режиссерді даярлауда сахна тілі мен пластикасын оқыту әдістемесі.
10. Стыльдік-қойылымдық ойлау дағдыларын қалыптастыру: мизансцена, ырғақ және спектакльдің кеңістіктік-композициялық құрылымымен жұмыс.
11. ЖОО-да кәсіби театр үлгісі ретінде оқу дайындық үдерісін ұйымдастыру әдістемесі.
12. Академиялық оқыту жағдайында студенттердің режиссерлік жұмыстарының сапасын бағалау қағидаттары және критерийлері.
13. Білім беру үдерісінде режиссердің авторлық қолтаңбасын және даралығын дамыту мен оқытуды жекелендіру (индивидуализациялау).
14. Оқу тәжірибесінде әртүрлі дәуірлер мен мәдениеттер драматургиясымен жұмыс (антика, классика, қазіргі заман, қазақстандық драматургия).
15. Қазіргі театр практикаларын (постдрамалық театр, перформанс) оқу үдерісіне интеграциялау (Ханс-Тис Леман теориясы және Қазақстан практикалары).
16. Режиссураны және студенттердің қойылымдық қызметін оқытуда цифрлық және мультимедиялық технологияларды пайдалану.
17. Режиссураны оқытудағы пәнаралық көзқарас: театр, кино, хореография және визуалдық өнер синтезі.
18. Режиссураны оқыту әдістемесі – ұлттық мәдениет пен қазақ театры дәстүрлері контекстінде.
19. Студент-режиссерлерде сыни ойлау және аналитикалық дағдыларды қалыптастыру.
20. Шығармашылық эксперимент педагогикасы: инновациялық режиссерлік шешімдерге жол ашатын жағдайлар жасау.
21. Жаһандану жағдайында режиссураны оқыту: халықаралық тәжірибені ұлттық білім беру жүйесіне бейімдеу.
22. ЖОО-да режиссер даярлаудың этикалық және кәсіби қырлары.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
		Бет 14-17

- 23.Режиссер-студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі – білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде.
- 24.Оқу қойылымдарын талдау мен рефлексия әдістемесі (соның ішінде әлемдік және қазақстандық сахналық практиканы салыстырмалы талдау).
- 25.Қазақстан ЖОО-ларында режиссураны оқыту әдістемесін дамытудың заманауи мәселелері және халықаралық білім беру үрдістері контексіндегі болашағы.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Рахимов, Ә. Режиссер шеберлігі [Мәтін]: оқу құралы / Әубәкір Рахимов.- Алматы: Т. Жүргенов атындағы ҚҰӨА, 2015.- 278 б. ISBN 978-601-265-210-9
2. Театр атаулары мен ұғымдардың қысқаша сөздігі [Мәтін] / құраст. Рахимов С.Ә.- Алматы: Қазақ университеті, 2021.- 206 б. ISBN 978-601-04-4943-5
3. Кнебель, М. О действенном анализе пьесы и роли [Текст] / М. Кнебель.- М: ГИТИС, 2018.- 216 с. ISBN 978-5-91328-269-9
4. Сценическое действие [Текст]: Сборник / Сост. Ливнев Д.Г.- М: ГИТИС, 2018.- 178 с. ISBN 978-5-91328-249-1
5. Станиславский, К.С. Работа актера над собой в творческом процессе переживания [Текст]: Дневник ученика / Константин Сергеевич Станиславский.- СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2017.- 512 с. ISBN 978-5-389-09549-6
6. Искусство режиссуры за рубежом первая половина XX века [Текст]: хрестоматия / Гительман Л.И., Максимов В.И.- 2-е исправление.- СПб: СПбГАТИ, 2015.- 320с. ISBN 5-88689-102-7
7. Захава, Б.Е. Мастерство актера и режиссера [Текст]: Учебник / Б.Е. Захава; под.ред.П.Е.Любимцева.- 6-е изд.- СПб: Лань, 2013.- 432с. ISBN 978-5-8114-1575-5
8. Сахновский, В.Г. Мысли о режиссуре [Текст]: Учебное пособие / В.Г. Сахновский.- СПб: Лань, Планета Музыки, 2018.- 252с. ISBN 978-5-8114-26583-4
9. Судакова, И.И. От этюда к спектаклю .Уроки мастера [Текст]: Учебное пособие / И.И. Судакова.- М.: ГИТИС, 2014.- 126 с. ISBN 978-5-91328-148-7

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
		Бет 15-17

10. Театр. Актер. Режиссер [Текст]: краткий словарь терминов и понятий / сост. Савина А.- СПб: Лань, Планета Музыки, 2018.- 352 с. ISBN 978-5-8114-0952-5
11. Зверева, Н.А. Словарь театральных терминов (создание актерского образа) [Текст]: Учебное пособия / Н.А. Зверева, Д.Г. Ливнев.- М: ГИТИС, 2014.- 136 с. ISBN 978-5-91328-160-9:
12. Максимов, В. Модернистские концепции театра от символизма до футуризма. Трагические формы в театре XX века [Текст]: Учебное пособие / Вадим Максимов.- СПб: СПбГАТИ, 2014.- 304с. ISBN 978-5-88689-094-5: 5
13. Қазақстан халқының сахна өнері [Мәтін] = Сценическое искусство народа Казахстана / ред. Мұқан А.- Алматы: Evo Press, 2014.- 520 б. +326. ISBN 978-601-7283-13-1 43
14. Нұрпейіс, Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915-2005) [Мәтін]: Монография / Бақыт Нұрпейіс.- Алматы: Қаратау КБ ЖШС "Дәстүр", 2014.- 520б. ISBN 978-601-7204-21-1 4
15. Искусство режиссуры за рубежом первая половина XX века [Текст]: хрестоматия / Гительман Л.И., Максимов В.И.- 2-е исправление.- СПб: СПбГАТИ, 2015.- 320с. ISBN 5-88689-102-7 10
16. Королев, М.М. Искусство театра кукол режиссер в театре кукол [Текст]: статьи и выпущение / М.М. Королев.- СПб: СПбГАТИ, 2015.- 352с.+16 ил. ISBN 978-5-88689-108-9 10
17. Тулахужаев, М. Театр таңқидчилиги [Мәтін]: артист, режиссер, спектакль / Мухаббат Тулахужаев.- Тошкент: Sanat, 2015.- 408б. ISBN 978-9943-388-74-1
18. Литаврина, М.Г. От серебряного века -к русскому зарубежью .Чехов. Набоков:Драматургия: [Текст]: Учебное пособия / М.Г. Литаврина.- М: ГИТИС, 2018.- 213 с. ISBN 978-5-91328-276-7

1. РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Бертольт Брехттің эпикалық театры методологиясы сыни рефлексия құралы ретінде: постколониялық және әлеуметтік-мәдени динамика контексіндегі қазіргі қазақстандық театр өнеріндегі қабылдануы мен трансформациясы.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026 30.04.2026 ж.
		Бет 16-17

2. Қазақстан театрларында Мольер драматургиясының режиссерлік-сценографиялық интерпретациялары: классикалық канон, мәдени бейімдеу және интертекстуалдылық арасындағы арақатынас.
3. XX–XXI ғасырлар тоғысындағы драмалық спектакльді режиссерлік интерпретациялау мәселесі: модернистік модельден постдрамалық сценалық пайымдау стратегияларына дейін.
4. Всеволод Мейерхольдтің педагогикалық жүйесі мәдениетаралық трансфер оптикасында: қазақстандағы корей театрында актерлік мектептің қалыптасуына биомеханиканың ықпалы.
5. Қазақстан театр мәдениетінде XIX–XX ғасырлардағы режиссерлік сананың қалыптасуы: кәсіптің институционалдық, эстетикалық және идеологиялық қырлары.
6. Адольф Аппияның театрлық тұжырымдамасы және сценографиялық теориясы: еуропалық және қазақстандық театрдағы режиссерлік-визуалдық ойлаудың дамуына ықпалы.
7. Бродвей мюзиклінің мәдени трансфері: Қазақстан театр жүйесінде локализация, интерпретация және институционалдық интеграция мәселелері.
8. Актерлік психотехника – пәнаралық тәжірибе ретінде: қазіргі театрлық білім беруде Константин Станиславский теорияларын когнитивтік ғылымдар және педагогикалық модельдермен кіріктіру.
9. XXI ғасырдағы бұқаралық көріністер режиссурасы медиаспектакль ретінде: цифрлық дәуір жағдайында шоу-мәдениет, перформативтілік және көрнекілік феномендерін талдау.
10. Римас Туминастың режиссурасындағы этикалық және эстетикалық парадигма: көркемдік пайым философиясы және педагогикалық қағидаттары.
11. Музыкалық театр режиссурасы – синтетикалық жүйе ретінде: драматургия, музыка және сахналық әрекет тоғысындағы оңтайлы көркемдік шешімдерді іздеу.
12. Сахналық тәжірибе контексіндегі актер психологиясы: заманауи психология және нейроэстетика тұрғысынан стресс, катарсис және эмоциялық реттеу феномендері.
13. Медиа кеңістіктегі Қазақстан театры: цифрландыру және медиаланған коммуникация жағдайында режиссерлік практикалардың трансформациясы.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Ф 017-1.113-2026
		30.04.2026 ж.
	<u>Қабылдау емтиханының бағдарламасы</u> нормативтік құжат түрі	Бет 17-17

14. XX–XXI ғасырлардағы әлем театры режиссурасындағы ізденістер: кеңістік тұжырымдамаларының қазақстандық театрдың сахналық тілі дамуына ықпалы.
15. Қазіргі режиссура – мәдениетаралық диалогтың медиаторы ретінде: жаһандық контексте қазақстандық және еуропалық театр өнерінің өзара ықпалдастығы.
16. Режиссерлік практикадағы ұлттық классиканың трансформациясы: мәдени мұраны қайта пайымдаудың бейнелік стратегиялары мен тетіктері.
17. Иммерсивті және *site-specific* театр контексіндегі қазіргі драматургия: мәтінді деконструкциялау және кеңістіктік баяндаудың режиссерлік практикалары.
18. Режиссура мен сценографияның өзара әрекеті – бірыңғай семиотикалық жүйе ретінде: қазақстандық театрдың көркемдік тілінің трансформациясы.
19. Шетел драматургиясын қазақстандық сахнада интерпретациялау: мәдени аударма, бейімдеу және рецепция мәселелері.
20. Моноспектакль режиссерлік жинақтаудың шеткі формасы ретінде: театрлық инновациялар мен перформативтік стратегиялар контексіндегі теориясы және практикасы.